

ӘОЖ 811.581:398

## **ҚЫТАЙ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ТҮРЛЕРІ**

Мұрат Дина

[Murat.dina000@gmail.com](mailto:Murat.dina000@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «шетел филологиясы: қытай тілі»  
мамандығының 1-курс студенті, Нұр-сұлтан, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі - Әбиденқызы Айнұр

Ұлттық ойындар дегеніміз бір халықтың болмысын көрсететін, мәдениетінің негізін құрайтын салт-дәстүрі болып табылады. Әр халықтың ұлттық ойыны әртүрлі болады. Тарихы тереңде жатқан әрбір ойын түрі сол халықтың айналысатын кәсібіне, орналасқан географиялық жағдайына, ауа-райы мен табиғатына тікелей байланысты болады. Ұлттық ойындарына қарау арқылы біз сол халықтың дүниеге деген көзқарасын, әлемді тануын, болмысын тани аламыз. Ұлттық ойын ол-тәрбиенің көзі болып саналады. Болашақтың тізгіншісі, келешек жас ұрпақты тәрбиелеу жолында ұлттық ойындарымыздың атқаратын рөлі өте жоғары. Ештеңені де ойламайтын ойын жасындағы балаға нені үйретсең де тез қағып алатыны белгілі, осындайда ойлау қабілетін дамытатын ойындар ойнату өте пайдалы екені даусыз. Мысалға алатын болсақ, қазақ халқының ұлттық ойыны тоғызқұмалақ, үндістанда пайда болып, кейіннен бүкіл әлемге таралған шахмат ойынын атап айтуға болады. Әртүрлі ойын түрлері баланың тек ойлау қабілетін дамытып қана қоймайды. Спорттық әуестігін арттырады, балалар арасындағы ынтымақтастық пен бірлікті арттырады.

Халық санағы бойынша әлемде бірінші орынды, жер көлемі бойынша әлемде үшінші орынды иеленетін Қытай халқының тарихы да, мәдениеті де тереңде жатыр. Мыңдаған жылдардың қойнауында жатқан ешкімге ұқсамайтын өзіндік ерекше салт-дәстүрі кімді де болса таңқалдырары анық. Қытай халқының ұлттық ойындары да сонау Таң дәуірі, Цин дәуірі сияқты ерте заманнан басталады.

Қытай ұлтының халық арасында таралған ойын түрлерінің негізгі ерекшелігі ол - еркінділігі. Ойындардың өзіндік ережелері болғанымен, негізгі ойын өте қарапайым болып келеді. Халық арасына кеңінен таралған ойындар болғандықтан оған керекті заттар, құрал-жабдықтар да қарапайым болып келеді. Қоршаған ортадан табылатын ұсақ тас, ағаштың бұтағы, жапырақ сияқты заттармен де ойнауға болатын ойын түрлері көп.

Қытай халқының ұлттық ойындарының тағы бір ерекшелігі қызықтылығы. Кейбір ойын түрлері баланың қызығушылығын тудырады. Спортпен айналысуға шақырады. Мысалға алатын болсақ, серіппелі жіптен секіріп ойнау. Бұл ойын түрін ойнау үшін бір жағынан секіріп, енді бір жағынан ән айтып жүру керек.

Халық арасында таралған ойын түрлерін белгілі бір категориюларға бөліп қарастыруға болады: спорттық сайыс түріндегі, логикалық, жас балалардың ойнайтын қарапайым әрі жеңіл ойын түрлері, маусымдық ойындар, мерекелік ойындар, баптаған жануарларын таласқа салатын ойын түрлері, ән айтып, би билеп, өнерінді сынға салатын ойын түрлері болып бөлінеді.

#### 1. Батпырауық ұшыру.

Батпырауық ұшырып ойнау қытай халқының ерте заманнан бергі ұлттық ойындарының бірі. Оның тариха өте ертеде жатыр. Көне заманда қытай тілінде “қағаз құс”, “желді құс” деген атаулары болған. Таң дәуірінде батпырауық ұшыру көңіл-күйді көтерудің бір құралы ретінде пайдаланған. Таң патшалығы кезінде батпырауықты тек қана ақсүйектер, патшалар мен байлар ұшырған. Кейін келе заман ауысып, уақыттың жылжуымен бұл ойын түрі халық арасына да таралды.

Қытай халқы батпырауық жасаудың көптеген әдіс-тәсілдерін меңгерген. Кейбір кітаптарда батпырауық жасаудың он неше түрлі жасау жолдары көрсетілген. Солардың ішіндегі ең қарапайым түрі: бірінші, бамбук ағашының жіңішке бұтағын көбелек, торғай, балық, тотықұс сияқты пішіндерге келтіру арқылы негізгі қаңқасын жасапалады. Қаңқасын жасап болған соң, оған түрлі өрнектер мен суреттер салынған жұқа қағаз жапсырады. Жіңішке жіппен батпырауықты байлап, желдің көмегімен аспанға ұшырады. Кейде жіпке ұсақшамдарды іліп қойып, түнде ұшырады. Түнгі аспанда қалықтап ұшқан шамдар жұлдыз сияқты жарқырап, көздің жауын алады.

#### 2. Мак

Бұл ойын түрін қазір барлығымыз да ойнаймыз. Қытай тілігінде бұл ойын түрін “үйден үйге секіру” деп аударуға болады. Ойын ережесі бойынша секіріп ойнайтын әрбір клетканы бір үй деп есептейді. Қытайда бұл ойын Цин дәуірінен басталады. Ол баланың секіру

кабілетін, өзінің тепе-теңдігін ұстау қабілетін арттырады. Бұл ойынды ойнау үшін көп материалдың қажеті жоқ. Тегіс жерге төрт бұрыш, үшбұрыш пішіндері арқылы үйдің суретін салады. Қолына тас немесе әйнектің сынықтары сияқты заттарды пайдаланып, ережесі бойынша ойнайды. Ойынға ең кемінде екі адам қатысады.

### 3. Шыт лақтыру

“Шыт лақтыру” немесе “орамал тастау” деп те аталатын ойын қытай халқының арасында кең таралған ойын түрінің бірі. Шыт лақтыру ойынының тарихы 1243 жылдардың шамасында басталады. Бұл ойынның негізін Қытайдың оңтүстігінде тұратын ли халқы қалады. Кейіннен Хуаң даупо арқылы Шан Хайға, одан кейін бүкіл қытай жеріне таралды. Ойын бойынша балалар айналдыра шеңбер жасап отырады. Бір бала шеңберді айнала жүгіріп, қолында ұстаған шытын ешкімге байқатпай бір баланың артына тастап кетеді. Шыт тасталған бала шытты байқаған сәттен бастап айналып жүрген баланы қуады. Егер қуып жете алмаса өз өнерін көрсетеді: ән айтады немесе би билейді.

### 4. Жіптен секіру

Жіптен секіру немесе созылмалы жіптен, яғни резинкадан секіру ойыны. Бұл ойын түрі әсіресе жиырмасыншығасырдың 50-жылдарынан 80-жылдар аралығында кең таралды. Серпінділік қасиеті бар 3 метр шамасындағы жіпше жіппен ойналады. Ойынға ең кемінде үш адам қатысады, одан көп болса екі топқа бөлініп, бір-бірімен жарысып ойнауға да болады. Ұзын жіпті екі жағынан екі адам ұстап тұрады, қалғандары ереже бойынша жіптен секіреді.

### 5. Қыран құс пен балапан

Бұл ойын түрі негізінен топтық ойын болып табылады. Бір адам қыран құс болады, оның негізгі міндеті балапандарды ұстау болып табылады. Балапандар бір адамның артына бірнен соң бірі қатар-қатар тізіліп тұрады. Балапандарды қорғайтын тауық болады. Тауық өзінің қанатының астына тығылға балапандарды қыран құстың алып кетуінен қорғайды. Ойынның соңында қыран құс барлық балапандарды ұстап алуы керек.

### 6. Құмды қап

Ойынның аты айтып тұрғандай, біріншіден, бұл ойынды ойнау үшін бұллан төртбұрышты етіп қап тігіп алады. Тігілген қаптың ішіне ұсақ құм толтырылады. Құм толтырылған қаптың аузын тігіп, бекітіп тастайды. Ойынды кем дегенде үш адам ойнайды, яғни, екі шетте екі адам тұрады да ортасындағы тұрған адамға қарай қапты лақтырады. Ортасында тұрған адам құм толтырылған қапты өзіне тигізбей қашады. Егер қап тиіп кетсе ойыншы жеңіледі, ал сәті түсіп лақтырған қапты қағып алса, онда тағы бір рет ойнауға мүмкіндік алады. Бұл ойынның негізгі ерекшелігі спортқа жақындығында. Ойынның басынан аяғына дейін ойыншылар тоқтаусыз жүгіру үстінде болады. Ұсақ құммен толтырылған қап та адамға қатты тимейді, ауырсыну да болмайды.

### 7. Балшық лақтыру

Бұл ойын түрін көбінде ұл балалар ойнайды. Ойынға негізгі керек материал балшық болғандықтан көбінесе жаңбырлы ауа райынан кейін ойналады. Ойыншылар саны шектеусіз. Әрбір ойыншы бір уыстай балшық алып оны тегіс тастың үстіне илей бастайды. Ойыншылар қолындағы балшықтан алақан көлеміндегі ыдыс дасап шығарады. Барлық ойыншы өз ыдыстарын дайындап болған соң, бірге әндете отырып қолындағы ыдыстарының бетін төмен қаратып тегіс жерге бар күшімен лақтырады. Ойынның ең негізгі бөлігі қолындағы балшықтан жасалған ыдысты лақтырғанда «дың» еткен дыбыс шығуы керек. Дұрыс лақтырылған ыдыстан дыбыспен қоса тесік пайда болады. Ойыншылардың ішінде кімнің лақтырған ыдысынан шыққан дыбыс қанық болса және тесік пайда болса сол жеңімпаз болады. Ойыннан ұтылғандар өздерінің балшықтарымен жеңімпаздың ыдысын жамап береді.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1) Қытай ақпараттық орталығы <http://www.china.org.cn/>
- 2) Қытай сайттарының каталогы <http://bigchina.ru/>

- 3) Қытай ақпараттық интернет орталығы  
[http://russian.china.org.cn/china/archive/China2006/txt/2006-12/05/content\\_2278700.htm](http://russian.china.org.cn/china/archive/China2006/txt/2006-12/05/content_2278700.htm)
- 4) Қытай халқының ұлттық ойындары  
[http://baike.baidu.com/l/gMEPvX7s?bk\\_share=copy](http://baike.baidu.com/l/gMEPvX7s?bk_share=copy)